АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
«Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ»КЕАҚ
«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚОҒАМЫ» ҚБ

ATYRAU UNIVERSITY

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

QAZAQ TILI













«ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨҢІРІНДЕГІ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН: ЖАҢА ДЕРЕКТЕР МЕН ЗЕРТТЕУ ҰСТАНЫМДАРЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ «ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ: НОВЫЕ ИСТОЧНИКИ И ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЕ ПОДХОДЫ»

27-28 қазан 2022
27-28 октября 2022

Атырау

Scanned by TapScanner

ӘОЖ 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
Б27

Редакция алқасы: Идрисов С.Н., Алдабергенова Л.Ж., Кайргалиева Г. Сапанов С.Ж., Куаныш С.О., Бердіғожин Л.Б., Таңатарова Ж.Т., Жұмабаева Ж.К., Ахметова У.Т, Кыдыралина Ж.У., Ахмет А.Қ.

ISBN 978-601-262-485-4

«Қазақстанның Батыс өңіріндегі саяси қуғын-сүргін: жаңа деректер мен зерттеу ұстанымдары» Республикалық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы – Атырау, «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ баспаханасы, 2022 ж. – 285 б.

«Политические репрессии в Западном Казахстане: новые источники и исследовательские подходы» сборник материалов Республиканской научно-практической конференции. – Атырау, типография НАО «Атырауский университет имени Х.Досмухамедова», 2022 г. – 285 стр.

Жинаққа Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы құрамының, өңірлердегі зерттеуші жұмыс топтары мүшелерінің, Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындары ғалымдарының баяндамалары енгізілген.

В сборник вошли научные статьи членов Государственной гомиссии и региональных исследовательских рабочих групп по полной реабилитации жертв политических репресии, ученых высших учебных заведении Республики Казахстан.

Конференцияға қатысушылардың ғылыми мақалаларының жинағы электронды түрде берілген материал негізінде дайындалды. Материалдардың мазмұнына мақала авторлары жауапты.

Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, предоставленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.

ISBN 978-601-262-485-4

Scanned by TapScanner

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз..... 3

1 СЕКЦИЯ

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ЖАППАЙ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МҰРАҒАТ САЯСАТЫ, ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР, ІЗДЕНІСТЕР, ҒЫЛЫМИ САРАПТАУ

Биназарова Н.Н. РЕАЛЬНОСТЬ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ ПРИ СОВЕТСКОМ ТОТАЛИТАРИЗМЕ..... 4

Ауанасова А.М., Нурпеисов Е.К. ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В ОТНОШЕНИИ КРЕСТЬЯНСТВА В КАЗАХСТАНЕ В ГОДЫ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ..... 11

Бердіғожин Л.Б., Аманбаева Ж., Мадиева Ж., МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ 1920-1930 ЖЫЛДАРДА..... 18

Нағымұлы Ш., Бердіғожин Л.Б., Мирболатов С.М. 1921 - 1923 ЖЫЛДАРҒЫ АТЫРАУ ӨЛКЕСІНДЕ БОЛҒАН АШАРШЫЛЫҚ..... 24

Нағымұлы Ш. АТЫРАУ ӨЛКЕСІНДЕ 1923 – 1928 ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУ ҚҰҚЫНАН АЙЫРУ ШАРАЛАРЫ..... 33

Бекежан Ө. ДІНИ ӨКІЛДЕРІН ҚУДАЛАУДЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 42

Хайрушев Н.З. XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТ-БАҒДАРЛАРЫ..... 50

Сатанова А.Б. САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ - ТАЙЫР ЖОМАРТБАЕВ..... 55

Суламалиева Г.С. ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ АҒАРТУШЫ ПЕДАГОГ..... 59

Бактыгалиев А.Б. САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЖАЗБАША ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ..... 68

Аққали А. МҰСТАФА ШОҚАЙ ТІЗІМІНДЕГІ АТЫРАУЛЫҚ ТҰТҚЫНДАР..... 73

Бақторазов С. ОҢТҮСТІК ӨҢІРДЕ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР: АҚҚОЗЫ ИЗБАНОВ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРЫ..... 78

Жанбосинова А.С., Потапова Н.А. «НАЦИОНАЛЬНЫЕ» ОПЕРАЦИИ В КАЗАХСКОЙ ССР В 1937-1938 ГГ..... 84

Калманова Г.Т. ҰЛТТЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР..... 96

Scanned by TapScanner

Исмаилов С.С. КОНФИСКАЦИЯ ИМУЩЕСТВА БАЕВ И КУЛАКОВ НА ТЕРРИТОРИИ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В 1928 ГОДУ..... 99
Сармурзина Н. ЗАМАНА ҚАСІРЕТІНІҢ АЩЫ ШЫНДЫҒЫ..... 105
Боранбаева Б.С., Сарсенбаева Ф.Е. ОРАЛ ӨЛКЕСІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ (1921-1922жж.)..... 110
Боранбаева Б.С., Жаманова Ж.Е. КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУ ЗАРДАПТАРЫ (БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)..... 117
Ахтамгалиева Г.Х. САЯСИ ҚУҒЫН – СҮРГІН ТАРИХЫН ТОЛҒАУ..... 123
Есен С.Е. АЛАСАПЫРАН КЕЗЕҢНІҢ АҚИҚАТЫ..... 127
Баданова Н.А. САЯСАТ ПЕН ТАҒДЫР. ХХІ ҒАСЫР: ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ЕЛЕНУДЕ МЕ?..... 134
Абланова Э.А. ХХ ҒАСЫРДЫҢ 30-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН МАҢҒЫСТАУ ТАРИХЫ НЕГІЗІНДЕ..... 140
Танатарова Ж.Т., Қаналиева М., Жеңісов Н. ГУРЬЕВ ОКРУГІНДЕГІ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ ЖҮРУ БАРЫСЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ- АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА..... 146
Жұмабаева Ж.К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СТАЛИНИЗМ ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ: «ТАРИХТАҒЫ АДАМ» КОНЦЕПЦИЯСЫ ТҰРҒЫСЫНАН..... 152

2 СЕКЦИЯ

ГУЛАГ ЖҮЙЕСІ ЛАГЕРІНДЕ БОЛҒАН САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ, САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ САНАТТАРЫНЫҢ АЛУАНДЫҒЫ

Мардазимова Р.С. СЛОМАВШИЕ СУДЬБЫ ЛАГЕРЯ СТРАДАНИЙ..... 159
Ахметова У.Т., Мұқтар Ә.Қ. АТЫРАУ ОБЛЫСЫНА ҚОНЫС АУДАРУ - АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА (МАХАМБЕТ АУДАНЫ БОЙЫНША)..... 164
Тастемирова Р. ТҰТҚЫНДАР МЕН МӘЖБҮРЛІ ҚОНЫС АУДАРҒАНДАР..... 169
Аққайнанова Н.Ө. ЖАДАҒАЙ ЖАЛА: ЗҰЛМАТ ЗАМАННЫҢ ЖАЗЫҚСЫЗ ҚҰРБАНЫ АҚҚАЙНАН САМАЛЫҚҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ..... 174
Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ҰСТАНЫМДАРЫ ЖӘНЕ ДІН ӨКІЛДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ (1920-1940 жж.)..... 179
Таңатарова Ж.Т. КЕҢЕСТІК ЖАЗАНЫҢ ҚҰРБАНДАРЫ..... 183
Таңатарова Ж.Т. Т.ОМАРБЕКОВТЫҢ КЕҢЕСТІК ДӘУІРДІҢ ҚАЙТА ҚҰРУЛАРЫ ТУРАЛЫ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ..... 190
Жылқыбаев А.А. ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ӨЛКЕДЕ ҚОНЫСТАНУЫ ТУРАЛЫ (XIX Ғ.-XX Ғ. БАСЫ)..... 194
Нағымов Ш. АТЫРАУ ӨҢІРІНДЕ АТУ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛГЕН АЗАМАТТАР ЖЕРЛЕНГЕН ҚОРЫМДАРДЫҢ СЫРЫ..... 198

Scanned by TapScanner

3 СЕКЦИЯ

1928-1932 ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ НАРОДНЫХ ВОССТАНИЙ 1928-1932 ГОДОВ

Алланиязов Т.К. ИСТОРИОГРАФИЯ ПОВСТАНЧЕСКОГО ДВИЖЕНИЯ В МАНГИСТАУ (1931 г.)..... 202

Баймукашева А.Ж. СОПРОТИВЛЕНИЕ МАСС КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ..... 209

Айдарбекова Г.С., Нигматуллина Ш.Ш. БОСТАНДЫНСКОЕ ВОССТАНИЕ: УРОКИ ПРОШЛОГО..... 215

Данабекова Д.И. 1928-1938 ЖЫЛДАРДАҒЫ ШАРУАЛАР КӨТЕРІЛІСТЕРІ..... 220

Сапанов С.Ж., Абдулов А.Д. «ГОЛОД В КАЗАХСТАНЕ И КАЗАХИ - ОТКОЧЕВНИКИ»: ИСТОРИОГРАФИЯ, МАСШТАБЫ, ПОЛОЖЕНИЕ НА МЕСТАХ..... 228

Бердіғожин Л.Б., Алипова Д.Ж, Мәдиева Ж. АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ 1921 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС..... 240

Нағымов Ш.Н. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨЛКЕСІНДЕГІ АДАЙ КӨТЕРІЛІСІНІҢ БЕЛГІСІЗ БЕТТЕРІ..... 244

Кайргалиева Г. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨҢІРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАРДЫҢ КӨБЕЮІНЕ ӘСЕРІ..... 257

Исмагулов Ұ.Ш., Исмагулова Д.М. АСТЫҚ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТӨТЕНШЕ ШАРАЛАР ЖӘНЕ ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНУШЫЛАРДЫ АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ғ.20-30 жж.)..... 263

Жұмағұлов Б. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨТЕРІЛІСТЕРІНІҢ ОРТАҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 269

Нығметов Ғ. АРМАНДА КЕТКЕН АЛТАУ ТУРАЛЫ АҚИҚАТ..... 284

Scanned by TapScanner

ӘОЖ 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
Б27

Редакция алқасы: Идрисов С.Н., Алдабергенова Л.Ж., Кайргалиева Г. Сапанов С.Ж., Куаныш С.О., Бердіғожин Л.Б., Таңатарова Ж.Т., Жұмабаева Ж.К., Ахметова У.Т, Кыдыралина Ж.У., Ахмет А.Қ.

ISBN 978-601-262-485-4

«Қазақстанның Батыс өңіріндегі саяси қуғын-сүргін: жаңа деректер мен зерттеу ұстанымдары» Республикалық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы – Атырау, «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ баспаханасы, 2022 ж. – 285 б.

«Политические репрессии в Западном Казахстане: новые источники и исследовательские подходы» сборник материалов Республиканской научно-практической конференции. – Атырау, типография НАО «Атырауский университет имени Х.Досмухамедова», 2022 г. – 285 стр.

Жинаққа Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы құрамының, өңірлердегі зерттеуші жұмыс топтары мүшелерінің, Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындары ғалымдарының баяндамалары енгізілген.

В сборник вошли научные статьи членов Государственной гомиссии и региональных исследовательских рабочих групп по полной реабилитации жертв политических репресии, ученых высших учебных заведении Республики Казахстан.

Конференцияға қатысушылардың ғылыми мақалаларының жинағы электронды түрде берілген материал негізінде дайындалды. Материалдардың мазмұнына мақала авторлары жауапты.

Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, предоставленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.

ISBN 978-601-262-485-4

Scanned by TapScanner

6. Газета «Казправда» июнь, 2007 год.
7. Интернет газета «Диапозон» май, 2006 год.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНА ҚОНЫС АУДАРУ - АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА (МАХАМБЕТ АУДАНЫ БОЙЫНША)

У.Т. Ахметова, т.ғ.д., *Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры e-mail: ulzhan.a 67@mail.ru*
Ә.Қ. Мұқтар, т.ғ.д., *профессор - Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры e-mail: muktar64@mail.ru*

Гурьев облысында орналасқан НКВД ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва-Астрахан лагерлерінде Гурьев облысына депортацияланған халықтар өкілдері де болды.

Атырау (бұрынғы Гурьев облысы) облысының мемлекеттік архивтерінде КСРО-дағы қуғын-сүргін тарихын, оның адам тағдырына салған қатаң сындарын айғақтайтын құжаттар жеткілікті. Олардың ішінде Атырау облысына, оның аудандарына өзге елдерден көшірілген халықтар, олардың орналасуы, жергілікті қазақтармен қарым-қатынасы, айналысқан кәсібі ерекше қызықты. Атырау облысындағы депортация басында корей халқы тұрды.

1937 жылы 30 қазанда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі қаулысымен Қиыр Шығыстан барлық корей халқын көшіру туралы шешім қабылданады. Содан қараша ай басында темір жол эшалонымен Гурьев-Денгизге 1238 жанұя, 5971 адам көшіріледі. 1937 жылы 23 желтоқсанда Батыс Қазақстан облысынан толтырылған анықтама бойынша Гурьев ауданындағы Новобогатта орналасқан балықаулаушы «Павлов» колхозына 146 отбасы, Сарайшық поселкесі Сарайшықта балық аулаушы «Авангард» колхозына 68 жанұя, Кандауроваға 37 жанұя, Яманкаға 66 жанұя, Қара өзенге 37 жанұя т.б. орналасады. Ақпарат бойынша екі колхозда ауыл шаруашылығымен айналысуды көздеген [1, С.239-240].

НКВД-ның 1938 жылғы 22 желтоқсандағы Гурьев облысы бойынша есебінше облысқа 1322 шаруашылық көшірілген. Осы жылдары Бақсай ауданындағы «Авангард», «Павлов» колхоздарына корей халқы жинақталған. Олар көшірілгенше 2 колхозда 238 шаруашылық болған. Кейін арнайы жер бөлінген. Мәселен «Авангард» колхозына 5000 га, «Павлов» колхозына 7000 га бөлінген. Оларға Гурьев түрмесінің жерлері де берілген. «Авангард», Павловск колхоздары Сарайшық ауылынан 7 км қашықтықта орналасқан. Колхоздарда медициналық бөлімше болмаған. Сондықтан сырқаттанған адамдар көршілес Сарайшық ауылына жаяу барған [2, 94-100 п.].

Аталған 1322 корей шаруашылығының 476-і Денгизге, 325-ы Бақсайға, 120-ы Есбол ауданына, 401-і Гурьев қаласына орналастырылған. 1938 жылдан тек Бақсай ауданындағы корейлер ғана дәнді-дақылдарды еге бастаған [1, с.404-409].

Scanned by TapScanner

Кейінгі жылдары корейлер облыстағы, аудандағы барлық шаруашылықтарға таратылады. Бақсай ауданындағы корей колхоздары күріш егіп мол өнім алған. Ол турасында 1940 жылы ақпан-наурыз аралығында өткен Гурьев облыстық партия комитетінің III конференциясында сөз болады. Конференция Бақсай ауданы колхоздарының 35 ц күріш алғанын атап өтеді [3, 20 б.].

Корей өкілдері Бақсай ауданы көлемінде мектептерде де жұмыс жасаған. Ғалым Ш. Нағымовтың анықтауынша 1937 жылы Қазақстанға қоныс аударған мұғалім Ким Чан Се (Ким Василий) Сарайшықтағы корей мектебінде жұмыс жасап «халық жауы» атанып, 1938 жылы 30 қазанда атылған екен [4].

1941 жылы 28 тамызда Қазақстанға Еділ бойындағы неміс халқы да көшіріле бастады. Олардың бір легі Гурьев облысындағы шаруашылықтарға бағытталды.

Осылайша күштеп қоныс аударылған корейлер мен немістер Бақсай ауданындағы бүгінгі Сарытоғай ауылы орнында құрылған №1 қосалқы шаруашылықтан қоныс тапты. Қосалқы шаруашылық 1941 жылы қаңтар айында құрылып, бұрынғы «Нефтеработник» кеңшарының басшысы И.Л. Черноусовтың басшылығымен Қазақстан мұнайшылары үшін еңбек ететін. Шаруашылық директорының бұйрықтарына назар аударсақ шаруашылыққа алғашқы қоныс аударған неміс, корей халықтары 1942 жылдан бастап байқалады. 1942 жылдың 1 наурызда Мария Хейфец шаруашылық бригадирі қызметіне тағайындалса, біраз уақыттан соң ол түрлі себептермен босатылады [5, 60 п.]. Шаруашылықта корей Огай-Хван-Хира 1942 жылдың 10 наурызынан №18 бұйрықпен масленщик, 12 наурызда неміс В.Я. Фендель аға тіркеуші [5, 61 п.], 13 мамырда неміс Ю. Рауф аға есепші, 1942 жылдың 15 сәуірінде алқап агрономы болып неміс Полина Павловна Гинсбург жұмысқа алынады [5, 65 п.]. Егіс алқабына 13 сәуірде уақытша 39 адам жұмысқа қабылданады [5, 65 п.]. 1942 жылы Сарытоғай ауылына жаңадан сәуір-мамыр айларында мобилизацияланған ұлт өкілдері көшіріледі. Олардың қатарынан Бурштейн, М. Шапито, Ю. Рауф, Рузайхин, Фингергуйтті байқаймыз.

1942 жылы қосалқы шаруашылықта екі алқап №1 Сарытоғай алқабы (меңгерушісі Ф.М. Субботин), №2 «Оңтүстік» алқабы (меңгерушісі П.А. Максимов) болған. Жер аударылған тұлғалар екі алқапта қатар еңбек етті. Шаруашылық маман тапшы болғандықтан елге қоныс аударған мамандарды лауазымды қызметке бекітуге мәжбүр болған. Мәселен, 1943 жылдың 24 ақпанында шаруашылықтың оңтүстік аймағының меңгерушісі, әрі агроном болып Рейнгольд Штерне тағайындалады [5, 108 п.]. Оларға қоса осы жылы қосалқы шаруашылықтағы басқармада агроном Ян Нарусбек, тракторист Ли-Чун-Бен, шофер Шин-Юн-Хен қызмет жасаған.

Сол уақыттың өзінде-ақ Сарытоғайға орналасқан тұлғалар өздерінің алғашқы тіркелген жерлеріне қайтуға жұмыстанған. Мәселен, Оңтүстік Қазақстаннан мобилизацияланған жұмысшылар қатарынан К.Е. Больц 1944 жылдың 19 ақпанында өзінің денсаулығына байланысты дәрігерлердің

Scanned by TapScanner

шешімінен соң тұрғылықты мекен-жайына, жұмысшылар Эмаф Бастиян және Вандишлер Оңтүстік Қазақстанға отбасыларына қайтуға рұқсат алады [6, 46 п.].

1944 жылы шаруашылық директоры Осокор да туыстары Анна Осокор, Ольга Осокордың тұрғылықты жері Смоленск облысына көшуіне байланысты 1944 жылдың №55 бұйрығымен жұмыстан босатылады [6, 58 п.].

Кеңестік билік мобилизацияланған халықтарды қатаң бақылауда ұстады. 1944 жылдың 2 маусымында елге мобилизицияланған немістер - Х. Кель, Е. Грин «егіс алқабынан картофель дақылын ұрламақ болды» деген желеумен 5 күн үйқамаққа алынған. Осы жылы шаруашылықтағы мемлекеттік тапсырманы асыра орындаған жұмысшылар М. Портель (151%), М. Миллер (132%), Э. Иммель (170%), Э. Юстус (128%), А. Конради (147%) марапатталады. Олардың бригадирі И.В. Бауэр болатын.

1944 жылы 6 наурызда Қазақстан басшылығы «Қазақстанмұнай комбинаты» өндірісіндегі немістерді еңбекте пайдалану және олардың тұрғын үй-тұрмыс жағдайын саралайды. Нәтижесінде Гурьев облысындағы Жаманқала поселкесіндегі қосалқы шаруашылықтағы 79 немістің жағдайын көріп: «Основная масса их не обеспечена постельными принадлежностями, совершенно отсутствуют баня и прачечная. Мобилизованные немцы спят на голом полу. Из-за отсутствия умывальников немцы умываются в бараке, стирку белья производят в чашках, из которых питаются, т. к. совершенно отсутствуют тазы; для полосканья белья используют кухонные ведра. Отсутствует какое бы то ни было санитарное обслуживание немцев» деп мойындайды [7, С.277].

1944 жылдың мамыр айының соңында Яманкадағы «Қазақстанмұнай комбинаты» ОРС-ы шаруашылығына арнайы комиссия жіберіледі. Мақсат арнайы контингенттің тұрғын үй-тұрмыстық және қоғамдық тамақтану жағдайын анықтау болды. Қорытындысында қосалқы шаруашылықтың 1-ші бөлімінде 23, 2-ші бөлімінде 54, Яманкада 3 адамның жұмыс жасайтыны, олардың 3 бараста тұратыны белгілі болады. «Бараки 1-го участка загрязнены, окны разбиты, в бараке темно, постель грязная, завшивлена. Мужчины, особенно подростки, имеют исключительно грязный, оборванный вид и завшивлены. Вода из Урала в бараки не подводится, и люди вынуждены приносить сами в кастрюлях и тарелках, т. к. ведрами бараки не обеспечены. Баня и медобслуживание абсолютно отсутствуют, и больше чем за 6 км ходят в пос. Яманка. На 2-м участке жилищные бараки находятся в удовлетворительном состоянии, завшивленности нет. На обоих участках отсутствует кипяченая вода и, как следствие, имеются случаи желудочных заболеваний, особенно прогрессирует малярия. Выдача мыла производилась в феврале 1944 г., и лишь в это время было коллективное посещение бани» деген анықтама толтырылады. Тексеру қорытындысында 1-ші бөлімше басшысы Максимовтың немістердің өтінішіне назар аудамайтыны, тіпті оларға саяси кінә тағып «гитлершілдер», «гитлер бандасынан» т.т. айыптар тағатыны» дәлелденіп, оны жұмыстан босату туралы ұсыныстар жолданады. Оған қоса жергілікті биліктің нанға бекітілген күндік норманы 700 граммнан 300 граммға түсіргені анықталады. Осы жағдайға кінәлі ретінде шаруашылық директоры Черноусов аталып, оны тәртіптік жазалау

Scanned by TapScanner

мәселесі көтеріледі. Комиссия НКВД тәртібінің бұзылғанын, әрі олардың келісімінсіз А.А. Кюснердің мекеменің жоспарлаушысы, С.Ф. Артестің 1-ші бөлімше бухгалтерінің көмекшісі, Тренестің 2-ші бөлімшенің бас бухгалтері, Лотцтың 2-ші бөлімше бухгалтерінің көмекшісі, Шафенің наубайханаңыі қарауылы болып тағайындалғанын анықтайды [7, С.280-283].

Осылайша шаруашылықтағы әрбір қоныс аударушы қатаң бақылауда болды. 1945 жылы дайындалған «Мобилизацияланған және арнайы қоныс аударғандар туралы» хабарламада: «За последние время участимшимся случае систематического нарушения со стороны мобилизованных немцев и спец. переселенцев выразившегося в самовольном уходе с территории участков на которых они проживают. Такое положение в дальнейшом терпилам быть не можеть. Ибо они приводит к разложению установленный для них дисциплины: Вследствие чего приказываем подливную ответственность зав. участком №1 Аловяна и зав. участком №2 Ротнова спец континентам - мобилизованным немцам и спец. переселенцам запретить самовольной уходов с территории участка. Куда бы то не было как например пос. Яманка и т.д. одновременно обьявить выше указанному рабочему контигенту, что уход с территорий может быть разрешен вами по увольнительной записке предупредить их о том что если они вопреки настоящего приказа самовольно уйдут с уч-ков без особого на то Вашего разрешения и увольнительной записки подписанной зав участком, эти рабочие немедленно будут привлекаться к ответственности по соттветствующему закону» деп шаруашылықтағы жұмысшыларға қатаң ескертіледі [8, 14-16 п.].

1944 жылы 2 маусымдағы КСРО Мемелекеттік Қорғаныс комитеті шешімімен Қырым АССР-нан Қазақстан және өзге республикаларға болгар, грек, армяндарды көшіру басталады. Шешімде нақты Гурьев облысына 7000 адамды көшіру жоспарланады [7, С.462-463].

1945 жылы 1 маусымдағы есеп бойынша Гурьев облысындағы «Қазақстанмұнай» бірлестігі мен оған қатысты мекемелерде жаңадан 1489 отбасының, нақтырақ атасақ, 5241 адамның орналасқаны белгілі болады. Олардың ішінде 1235 отбасы немесе 4200 адам Қырымнан көшіріліген [7, С.474].

Қоныс аударған жұмысшылар №1 қосалқы шаруашылықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына еңбек етті. Бастапқы кезеңде олар далалық егістікте, мал шаруашылығында, құрылыста еңбек етсе, соғыс аяқталған соң шаруашылықтың өзге түрлерімен айналыса бастады.

Олардың қатысуымен 1947-1948 жылдары Сарытоғай ауылында алма бағын, жеміс жидек өсіру қолға алынды. Сарытоғай алма бағында бастапқы кезеңде болгарлар, гректер еңбектенеді. Қуғын-сүргін құрбандары ұрпақтарының бірі, еңбек ардагері грек өкілі Анна Ким: «анам Степанида Попазова 1946 жылы Сарытоғайға көшіп келген. Содан шамамен 1947-1948 жылдары алма ағаштарын екті. Мен бала болып анама еріп жүрдім» деп еске алады. Олардың қатарында өмірінің аяғына дейін қарапайым жұмысшыдан бас агроном, директор орынбасары лауазымына жеткен болгар өкілі Д. Стамовтың еңбегі ерекше. Ол 1946 жылы қараша айында соғыстан босап, Сарытоғайға жер

Scanned by TapScanner

аударылған анасы мен әжесінің артынан келген болатын. Содан 1956 жылдың қаңтарына дейін қатаң бақылауда болады. Оның баласы Владимирдің еске алуынша әкесі мен Ольга Андреевна Даудерих 1947 жылы үйленген. Владимир 1948 жылы Сарытоғайда дүниеге келеді. В. Стамов: «Жилы мы тогда в землянках, как и многие депортированные. Землянка - это вырытая яма (3х3 м) по бокам два выступа (1х2 м) и постель из соломы. Крыша – шалашного типа, покрытая хворостом, стеблями семечек и уплотненная землей. Все родители (депортированные) работали по 14 часов в день, а за детьми присматривали бабушки, за 5 или 6 землянок 1 или 2 бабушки преклонного возраста... Так мы и многие депортированные жили землянках до 1953 г. В 1953 году мы переехали на новую квартиру (дом на 4 хозяина, без крыши, т.е. плоская крыша, обмазанная конским навозом, вместо цемента). Это было шикарное жилище на тот период времени. В квартире была одна комната (3х4 м), кухня (3х3 м) и коридор (2х3 м), позже отец пристроил веранду (3х3 м)» деп жазады [9, С.75].

Сарытоғай ауылы корейлердің ұйымдастыруымен 1950 жылы күріш егуді игере бастайды. Осы жылы 21 сәуірде бастап күріш өсіруші ретінде Тен-Бон Чук, Ким-Тян Бок, Ким-Ир Нам жұмысқа алынады [10, 34 п.].

1951 жылы қосалқы шаруашылықта жылыжай құрылысы басталады. Соған орай 1951 жылдың 2 ақпанынан бастап, ағаш ұстасы болгар П. Кихаев, жұмысшылар немістер А. Розенов, А. Иммель, А. Байнер, Э. Лангальс, М. Шукаев құрылыс бригадасының қарауына еңбек демалысынан шақыртылады. Жылыжай құрылысына жауапты болып агроном Нейковский бекітіліп, құрылыс 15 ақпанға дейін аяқталуы керек делінеді [10, 5 п.].

Осылайша Қазақстанға күштеп жер аударылған халықтар Сарытоғай ауылының әлеуметтік-экономиаклық дамуына атсалыса бастады. Дегенмен олар 1956 жылға дейін бақылауда тұрған. Осы жылдары КСРО-да басталған репрессия құрбандарын ақтау саясаты оң өзгеріс әкеледі. Сарытоғайды екінші отаны еткен тұлғалардың біразы өзге елді мекендерге көшсе, біразы осында мәңгілікке қалып қойды.

1997 жылы Сарытоғай ауылында Қазақстан Республикасы Президентінің «1997 жыл Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» Жарлығын орындау мақсатында комиссия құрылады. Комиссия құрамына Ш. Құсманов, Р. Сатанова, Қ. Айдарова, Т. Қашаубаев, Л. Жолдасова, Е. Төреханов, С. Қапашев, В. Розеновтар сайланады [11, 2-3 п.].

2001 жылы ауылда жаппай саяси қуғындалған, кейін ақталған азаматтар Алексей Беделев, Мария Кихаева, Фрида Розенова, Владимир Гарбузов, Степанида Папазова, Марфа Кувалаки, Дмитрий Кувалаки, София Гарбузова, Мария Миллер, Любовь Нигай, Лев Югай, Дмитрий Стамов, Ольга Стамовалар тұрған. Олар мемлекеттен арнайы төлемақы алған [12, 6 п.].

Қазіргі таңда қуғын-сүргін ұрпақтары еліміздің белді азаматтары, оның көркеюіне сүбелі үлестерін қосқан тұлғалар.

Қорыта келе, аталған шаруашылықтар еңбекпен түзеу лагерлерінде отырған тұтқындарды азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған. Өлкеміздегі осынша

Scanned by TapScanner

жазықсыз саяси қуғын-сүргін азабын, жазықсыз жәбір көрген халықты ақтау және өткен тарихымыздан тағылым алу басты міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Из истории депортаций. Казахстан. 1935–1939 гг. Сборник документов. Т. 2. – Алматы: LEM, 2014. -740 с.

2 Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Алматы қаласы бойынша Департаменті 9 қ., 13 т., 16-2 іс

3 Мұқтар Ә. Біріншілер (1938-2019 жылдардағы Атырау облысы тарихынан): Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2020. -328 б.

4 Нагимов Ш., Сапанов С., Шаяхметова Ж., Молдашев С., Мирболатов С. Из истории Казахстана: репресссированные работники народного образования //...https://cyberleninka.ru › article › iz-istorii-kazahstana-r... 26.08.2022.

5 Атырау облысы мемлекеттік архиві (алда-АОМА). 146 қ., 12 л.т., 1 іс

6 АОМА. 146 қ., 12 л.т., 2 іс

7 Из истории депортаций. Казахстан. 1939–1945 гг. Сборник документов. Т. 3. – Алматы: LEM, 2019. – 708 с.

8 АОМА. 69 қ., 1 т., 2 іс

9 Стамов В.Д. Праболгарские племена. История и современность. Стамовы. Старшая ветвь-от Николы и Матерны. -Атырау, 2016.

10 АОМА. 146 қ., 12 л.т., 7 іс

11 Атырау облысы Махамбет аудандық мемлекеттік архиві филиалы (алда – АОМАМАФ). 106 қ., 1 т/с, 31 іс

12 АОМАМАФ. 106 қ., 1 т/с ж., 65 іс

ТҰТҚЫНДАР МЕН МӘЖБҮРЛІ ҚОНЫС АУДАРҒАНДАР

Р.Тастемирова

Атырау облыстық мемлекеттік архиві бөлім басшысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы»

Scanned by TapScanner